

Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы



Электронды пошта: labrari@mail.ru

Сайт: www.aktobeoub.kz

Телефондары: 50-44-48; 53-01-10.

Бейбішілік даңғылы, 17.

САФИ ЖИЕНБАЕВ


БӘРІ ЖАКСЫ аңанын



САФИ ЖИЕНБАЕВ

БАРЫЖАКСЫ ананың

ӨЛЕНДЕР МЕН ЕРТЕГІ



АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1990

Пікір жазған — А б д р а х м а н А с ы л б е к о в

Ж 4803250202—147
407(05)90 95—89

ISBN 5-610-00032-7

© «Жалын» баспасы — 1990.



АНА МЕН БАЛА

ЭЙЭЙ БАЛА

Эйэй бала жүгіріп,
Мама тілін алады.
Төсекті өзі салады,
Тыныш үйқтап қалады.

Эйэй бала жуынып,
Айна алдына барады.
Шашын тарап алады,
Эйэй бола қалады.

БЕСІК ЖЫРЫ

Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Ән айтайын, бал бөпем.
Ән тыңдағың келсе егер,
Және айтайын, жан көкем...

Бөпем менің ай ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?
Ойнақтап бір бәйгеден
Озып келер тай ма екен?

Тас бұлақтар тауда екен,
Жас құрақтар сайды екен.
Көлбен-көлбен үшатын
Көбелектер қайда екен?

Қара қарға қарда екен,
Жапалақтар жарда екен.
Балпаң-балпаң басатын
Балапандар қайда екен?

Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Үйқтадың ба, бал бөпем?..
Алдағанға көнетін
Аңқау бөпе қайда екен?



ОЙНАР ЕДІМ

Ойнар едім күнімен,
Ойнар едім тұнімен,
Құлдыр-құлдыр құлынмен,
Ұзын тұмсық піліммен.
Салпаң құлақ күшікпен,
Сақалы жоқ мысықпен.
Тікенекті кірпімен,
Тілі сүйрік тұлкімен.

Тағы, тағы, тағы мен
Ойнар едім бәрімен.
Ойнар едім күнімен,
Ойнар едім тұнімен.

Тәтем маған:— Жат енді,
Көп ойнадың сен,— дейді.
Өзімнің де тәтемді
Ренжіткім келмейді.

МЕНИҢ МАМАМ

Бір күні әкеп,
ак мамам
Сыйлады бір ат маған.
Ешкім іздеп таппаған,
Ешкім мініп шаппаған.

Қолыма бір тұсті ме
Құстай ұшар арғымақ!
Арғымақтың ұстіне
Мініп алдым қарғып-ақ.

Арғымағым со бойда
Ұшты зулап қыр жаққа.

Қалың орман, тоғайлар
Қалып жатты бір жақта.

Асқар таулар шықты алдан
Аспанменен таласып...
Сонау-сонау бұлтардан
Кетер едім әрі асып...

Кетер едім әрі асып,
Арғымақпен көсіле,
Осы кездे мамашым
Түсіп кетті есіме.

Қалмады енді төзім де,
Жетіп келдім үш аттап...
Жатыр екем өзім де,
Мамашымды құшақтап.

МЕН ДЕ ЖАҚСЫ ОҚИМЫН

Кітаптар да, қалам да
Көп болатын ағамда.
Менде бұрын жоқ еді,
Экелді апам маған да.

Жудым әбден бетімді,
Тарап қойдым кекілді.
Бола қалдым лезде
Болат ағам секілді.

Қолға сумка аламын,
Мектепке енді барамын.
Болат ағам секілді
Жақсы оқитын боламын.

БӘРІ ЖАҚСЫ МАМАНЫҢ (Михалковтың ізімен)

Сайларда мұз жарылып,
Суға толды жылғалар.
Күнде-күнде ағылып,
Келіп жатыр тырналар.

Былдыр-былдыр
сәбидей,
Бұлқынды жас бұлақтар...
Көктем шыға, жаңа үйге
Көшіп келді Мұраттар.

Алапқа нұр таратқан,
Күн келеді сырғанап.
Ең үстіңгі қабаттан
Мұрат бала тұр қарап.

Қызық оған жаңа үйдің
Әр бұрышы, әр тасы.
Бәрі соның, әрине,
Мамасының арқасы.

Айтады алғыс сүйініп,
Ауылдың бар бақасы.
Барлығының киімін
Тігіп берген мамасы.

Жақсы көреді ел оны,
Өйткені ол — тігінші.
Ал тігінші дегенің —
Ауылдағы бірінші!

Тұрды Мұрат сол ойда:
«Бірінші!..» деп күлімдеп.
Бір ой түсіп со бойда:
«Бірақ...» — деді күбірлеп.



2—2949

Жұрттың бәрі білетін
Жалғыз менің мамам ба?
Бала оқытып жүретін
Мұғалима жаман ба?

Келеді ғой адамның
Бәрі сондай болғысы.
Бәлкім, менің мамамды
Оқытқан да сол кісі...

Асығыспен жететін
Ауырып қалған адамға.
Бәрін емдеп кететін
Дәрігер апа жаман ба?

Мамам ылғи жұмыста,
Мен кетемін сабаққа.
Кім құтеді дұрыстап,
Кім қарайды Маратқа?

Бақшасы бар баратын,
Болмаймыз еш алаң да.
Бар бөбекті бағатын
Тәрбиеші жаман ба?

Сайран салар күн келді,
Соқты, міне, самал да.
Баптап жүрген гүлдерді,
Бағбан апай жаман ба?

Жарық әкеп әр үйге,
Жылы ұшырап адамға,
Жақсылыққа жаны үйір
Монтер апай жаман ба?

Жұмекеннің мамасы
Кім екенін білдің бе?
Оның балға, арасы
Дем алмайды бір күн де.

Ескі үйлерді қисайған
Бұзып-бұзып табанда,
Биік-биік үй салған
Құрылышы жаман ба?

Бәрі жақсы маманың,
Бәрі де оның керек-ау...
Бірақ әрбір баланың
Өз мамасы бөлек-ау!

ТЕРЕЗЕДЕН ҚАРАДЫМ

Терезеден қарадым,
Терезеден қарадым,
Тары жеген шүпірлеп,
Тауықтарды санадым.

Кептер ұшып барады,
Оларға да қарадым,
Келсе дағы санағым,
Үлгере алмай қаламын.

Батпырауық ұшырып,
Бір балақан бөгелді.
«Ап!..» деп еді күшігім,
Қашып ала жөнелді.

ҰЛЫ ЛЕНИН ҰРПАҒЫ

Ертең елдің тірегі —
Бүгінгі жас ұландар.
Күндей аппақ жүрегі
Келеді өсіп қырандар.

Жаңғыртып ой-қырқаны,
Асқар-асқар тауды асып,
Ұлы Ленин ұрпағы
Келе жатыр жалғасып.

ОКТЯБРЯТ

Әрі албырт, әрі епті,
Бәріне ынтық өнердің,
Сыпайы да әдепті
Октябрят деген кім?

Жаудыраған жанары,
Балбыраған гүл жүзі,
Оң қолында жалауы,
Омырауында жұлдызы.

Аямайтын көмегін
Адал, аппақ жүрегі.
Октябрят дегенің —
Октябрьдің түлегі.

ПИОНЕР

Қамқор болып кішіге,
Қанатына алады.
Ұлгі барлық ісі де,
Үздік және сабағы.

Туған Отан — ұяда
Бәрі қымбат,
Бәрі ыстық.
Жетелейді қияға
Желбіреген галстук.

КОМСОМОЛ

Қол жетпейтін аспандай
Асулады аңсады ол...
Жалаң түзге жасқанбай,
Аттанды алғаш комсомол.

Жатты құмда тербеліп,
Қанша теңіз, қанша көл,
Желбекейін жел керіп,
Келді тұңғыш комсомол.

Қақыратып түнекті,
Қияндарға барса жол,
Жалау етіп жүректі,
Аттанды алғаш комсомол!

КОММУНИСТ

Күзетеді
Әр үйдің
Қуанышын, күлкісін,
Бесіктегі сәбидің
Маужыраған үйқысын.

Ол ойлайды
Жерінің
Орман, суын, егісін...
Арнайды бар өмірін
Отан үшін, ел үшін.

Ол ойлайды әр күні
Аспан жұзін,
Таң нұрын.
Барлық елдің саулығын,
Барлық елдің тағдырын!

КЕЛЕ ЖАТЫР ОКТЯБРЬ

Ала таңнан оянып,
Балапандар сапта жүр,
Қызыл нұрға боялып,
Келе жатыр Октябрь.

Қарайды оған
сәбидің
Алма жүзі құлпырып,
Әйнегінен әр үйдің
Қызыл жалау ұмтылып.

Қарайды оған
қарттар да
Омырауы жарқылдаپ,
Асығады шатқалдан
Асау бұлақ аңқылдаپ.

Алатаудың етегін
Күмбір-күмбір күй шарлап,
Қызыл жалау көтеріп,
Қызыл шарлар жұр самғап...

Ала таңнан оянып,
Балапандар сапта жұр.
Қызыл туға оранып,
Келе жатыр Октябрь!

САҚШЫ

Қарамайды ол дауылға,
Қарамайды ол жауынға.
Күзетеді қас қақпай,
Тұған жердің тауын да.

Қарамайды ол күніңе,
Қарамайды ол түніңе,
Күзетеді қас қақпай,
Тұған жердің гүлін де.

Көл сыбырын біледі ол,
Жел сыбырын біледі ол.
Көк орманның
шайқалған
Әр шыбығын біледі ол.

Бұлақ күліп ақса да,
Құстар сайрап жатса да,
Тыныштығын бәрінің
Күзетеді сақшы аға!

СУРЕТТЕГІ «САРБАЗДАР»

Қолға алып қағаз-қаламын,
Толғанып отыр «қолбасшы»,
Тұксиіп кетті қабағы,
Үлкен бір айқас болмақшы...

Сасатын емес батырың,
Сойқаны —
көрген бұл талай.
Қаламның ұшын батырып,
Оңды да — солды сүйкеді-ай.

Алапат тозаң үйтқиды,
Адамның есін жидырмас,
Қаламның ұшы жүйтқиді,
Қағаздың ұсті қым-қиғаш.

Бәрі де кілең керемет,
Сайланып шыққан батыр-ау...
Әттең-ай, әттең!

Не керек,
Жан бітіп кетпей жатыр-ау.

Бере алмай қимыл,
у-шуын,
Отыр ғой өзі бұлкілдеп,
Зеңбіректердің гұрсілін
Аузымен айтып,
гүмпілдеп.

Қайтсін-ай,
жаудың қарасын
Құртқысы келіп отыр-ақ...
Маңдайын сұртті,
шамасы,
Тиесіп бакты екі жақ.

Бітетін емес «ұрыс та»
Төсектен тұра басталған.
Ал, енді, міне...

Дұрыстап,
Атуға шықты аспаннан.

Төбеден соққан тұксиіп,
Қорықты-ау сұнқар сабаздан,
Біздікі —

«жауды» тықсырып,
Куалап шықты қағаздан.

Қарамай артқа қашқандар,
Жеңгендер жерде дуылдап,
Көгілдір тұнық аспаннан
Жұлдыздар шықты жымыңдап.

Мәз болып, көзі ойнақшып,
Бір өзі қуып-тыққандай,
Көтерді басын «қолбасшы»
Ұрыстан жаңа шыққандай...

СӘБИЛЕРДЕН СҰРАҢДАР

Ағы, сары, қарасы...—
Жүрген қала,
далаңда —
Әлемнің бар баласы
Жиналса бір алаңға.

Алға шығып төреши:
— Бояу, қалам ал,— десе,
Нені жақсы көресің,
Суреттерін сал,— десе!...

Ойланбай-ақ сәбiler,
Салар еді құлшынып...

Ең алдымен, әрине,
Тұрар еді күн шығып.

Жер көгеріп сол бойда,
Жасыл бақтар жайқалып,
Тал басында торғайлар
Тұрар еді шайқалып.

Толар еді ән-күйге,
Аққу-қаздар көлге кеп...
Биік-биік сәнді үйлер
Бұлтқа қарай өрмелеп.

Жаңбыр қүйып шелектеп,
Жерге моншақ шашылып;
Күн жарқырап кенеттен
Кетер еді ашылып.

Көк өзендер күмбірлеп,
Орман-тоғай шуылдал;
Жан-жануар би билеп,
Жатар еді дуылдал.

Қол ұстасып ұландар
Жүздерінде күлкі ойнап;
Шығар еді құмардан
Бірге шалқып, бір тойлас.

Қызыл-жасыл киіне,
Бала біткен гүлденіп;
Қайтар еді үйіне,
Мамасымен бірге еріп...

Аңсайды оны бар ел де,
Біледі оны ұландар.
Не керегін әлемге
Сәбілерден сұрандар!

ЕР МЕН ЖЕР

ҚАЗАҚСТАН ЖАЛАУЫ

Сүйесің ғой даңының
Гүл жайнаған алабын.
Білесің бе сен, бірақ
Қазақстан жалауын?

Қызыл жалау ол дағы
Білгенің жөн сенің де.
Ортада бар жолағы,
Үқсайтын көк егінге.

АҚТӨБЕ

Саған қандай жер жетпек
Аяулы жер Ақтөбем.
Жатыр көктем өрнектеп,
Жасыл жапырақпенен.

Көгерсін деп тал-терек,
Дамыл таппай шапқылап,
Көшелерде еркелеп,
Ағып жатыр ақбұлақ.

Бірін-бірі кимелеп,
Балкондарға жанасып.
Ақша бұлттар үйкелеп,
Қызықтайды қарасын.

Қарсы алады әр күнін
Балапандар гүл алып...
Көктем-қала барлығын
Құшағына тұр алып.

МҰҒАДЖАР*

Арлы-берлі өткенде
Алмасын деп ел көзін,
Құбажонға
көктен кеп
Қона қалған кербезім.

Желдің өзін ұшырмай,
Сылап-сипап ұлпа бұлт,
Тұрады көз ұшында
Көк жібекпен қымтандып.

Жапан дүзге жарасып,
Жалғыз өзі биік тұр.
Алыс емес арасы,
Аспаның да тиіп тұр.

Жүреді ойнап баурында
Бал-бұлақтар шапқылап...
Тартады Жем** айдынға,
Тау төсінен атқылап.

ЖЕМ

Жасыл желең аңғарда
Жатыр толқып Жемсерік,—
Алыс-алыс таулардан
Асу-асу жол шегіп.

Баяғы сол бабында,
Көрген емес жаңылып,
Жарқамыстың жанында
Жатыр мұнар жамылып.

* Мұғаджар — Ақтөбе облысындағы тау аты.

** Жем — өзен аты.

Көрді бәрін дала үшін,
Өтті бастан не кезең,
Көтермейді дауысын
Көпті көрген көне өзен.

Шыр айналып ағады
Жылда қайта жаңғырып,
Жүру үшін даланың
Жан сусынын қандырып.

ӘЛИЯ*

Бар даланың даңқысың —
Балауса гүл, балғын қыз.
Жаның қызып халқы үшін,
Жанып тұскен ақ, жұлдыз.

Бірге соқсын дүрсілдеп,
Туған жермен жүрегің.
Атың жүрсін есте деп,
Әнге қосып тұр елің.

Аяmas ек асылды,
Не жасармыз біз артық...
Сенің қыршын жасынды
Жүрміз солай үзартып.

ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ**

Сылап-сипап әр дәнді,
Саусағымен жылытып,
Бұйра-бұйра жалдардың
Топырағын үгітіп,

* Элия Молдағұлова — Совет Одағының Батыры.

** Шығанақ Берсиев — Тарыдан мол өнім алған атақты диқан.

Жел тигізбей өбектеп,
Әр өскінді сығалап.
Күтуші еді бөбектей
Менің атам — Шығанақ.

Баптап білек талдырған,
Бір сабағын жұлғызбай...
Көрінетін әрбір дән
Аспандағы жұлдыздай.

Қара бұлттай торлаған
Қасірет те батпады...
Алып шықты елді аман
Атам еккен ақ тары.

НҰРПЕЙІС БАЙҒАНИН*

Кірпік қақпай тұратын
Қара көздер мөлдіреп,
Ақын атам шығатын
Ақ сақалы желбіреп.

Дауылдатып, желдетіп,
Домбыраны қағатын.
Аспан асты селдетіп,
Ақ дария ағатын.

Тыңдайтын ел ән-жырды
Жүзі жайнап көктемдей,
Кеудедегі бар мұнды
Жуып-шайып кеткендей.

Қаумалап жас-кәрілер —
Жүрек тулап, қан ысып,
— Тағы айт,— дейтін қалың ел
Шалғайына жабысып...

* Нұрпейіс Байғанин — халық ақыны.